

## Қаным қайда төгілген...

Дүниеге жаңадан келіп жатқан қандай да бір нәрсе өмірдің қажеттілігінен туындайды. Соның бірі – Оңтүстік Қазақстан облысындағы Шымкент қаласының қақ төрінен саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналып жаңадан ашылған мұражай. Жаңадан дейміз-ау, бұл мұражайдың құрылғанына да он жыл толады екен, яғни 2001 жылдың 2 қарашасы еді. Өзге мұражайдан ерекшелігі – республика бойынша қуғын-сүргін құрбандарына арналған тұңғыш ескерткіш, кейінгі жас ұрпақтың санасына тарих ақтандақтарын ұмытпауға меңзейтін алғашқы шара.

Соңғы үлгідегі сәулеттік дизайнмен ерекше салынып, қызыл, қара, сұр түспен өрнектелген. Ішкі залы киіз үйдің қалпын береді, ал сыртқы көрінісі аспан-нан түскен найзағайды бейнелейді. Сұр түс НКВД-нің шинелін, яғни киімін меңзесе, қызыл түс – жазықсыз төгілген қанды, қара түс еліміздің басына түскен нәубет – қара күнді еске түсіреді.

Дөңгелек залдың ортасындағы «Репрессия» деп аталатын скульптура ешкімді де бейжай қалдырмайды. Көзіңе жас алдыратын, кеудесін халық үні кернеген, тоталитарлық жүйеге қарсы оққа кеудесін тосқан «Алаш» азаматтары, олардың аяғына оралып: «кетпеші, көке» деп жылаған жас бүлдіршіндердің халі шындығында да аяныш туғызады.

Сол қасіретті айнала қоршап тұрған портреттердегі Сәкен, Илияс, Бейімбет, Тұрар, Сұлтанбек, Ахмет, Жүсіпбек, Әлихан, Міржақыптар әйнек терезелерден көрермендерге қарап:

«Ат!» деген кім?

Атқан қайсың?

Қаным қайда төгілген?

Қабірім қайда көмілген? – деп тұрғандай. Мұражайдың басты атрибуттары – голощекиндік «Кіші қазан» саясатының дүмпуі, яғни байларды тап ретінде жою, мал-мүлкін тәркілеу арқылы қазақ халқын қолдан ұйымдастырған айтулы жұтқа әкеліп тіреу; шаруаларды күштеп ұжымдастыру, бай-батырақтарды жер аудару, өзге ұлт өкілдерін тоғытып әкеліп Қазақстан жеріне қоныстандыру; 1935-1938 жылдардағы қазақ зиялыларын қуғын-сүргінге салып, атып-азаптап өлтіру; ең соңғы саяси қуғындау – 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісімен, ондағы саналы жа-стар қозғалысымен аяқталатындығы.

Қолымыздағы бар мәліметтерге қарағанда, бұл нәубетке Республика бойынша қуғын-сүргінге ұшыраған 113000 адамның 25000-ы атылған. Ал Оңтүстік Қазақстан облысында (ол кезде Әулиеата, Қызылорда, Оңтүстік бір өлке болған) 7000 адам тұтқындалып, 2500-і оққа байланды. Өкінішке қарай,

бұл тізім бүгінге дейін жалғасып, дерексіз кеткендердің құжаттары іздестіру арқасында әлі де табылуда.

Нәубет құрбандарының көптігіне байланысты қуғын-сүргінге ұшырағандарға арналған мұражайдың Шымкентте ашылуы заңды да. Анықтай түссек, «халықтар әкесі» – Сталинмен тең дәрежеде сөйлесе білген қызыл қыран Тұрар Рысқұловтың, қанды қол Голощекиннен қаймықпаған, ол жүргізген саясаттың дұрыс еместігін бетіне айтқан Сұлтанбек Қожановтың, Голощекинге хат жазған «Бесеудің бірі» – Емберген Алтынбековтың осы өңірден шыққандығына дау жоқ десек, халқы үшін басын бәске тіккен Жүсіпбек Аймауытов Оңтүстікте педагогикалық техникум ашып, осы жерде жұмыс істеген. Оның әйгілі, классикалық «Ақбілек» романы Шымкент топырағында дүниеге келген. Қалада Жүсіпбек тұрған үй әлі де бар.

Сондай-ақ, халықтың аяулы ұлдарының бірі, өнерде ерте сөнген шок жұлдыз Жұмат Шанин – облыстағы драмалық театрдың алғашқы іргетасын қалаған бірден- бір тұлға.

Қаралы нәубет қашанда ел бастаған серкелерге алдымен келеді. Партия-кеңес қызметкерлерінің 576-сы, оның арасында облыс, аудан көлемінде аса жауапты қызметкерлер атқарған 58-і алғашқылар легінде қармаққа ілікті. Сабыр Айтқожин, Нұрыш Данияров, Әбілқайыр Досов, Қазмұхамед Күлетов, Владимир Случак, Емберген Алтынбеков, Дүйсенбай Алтынбеков, Исмайыл Сатыбалдиев, Сүлеймен Айсарин, Зикен Тұранов, Михаил Лукер, Искандырхан Саттарханов, Әзімхан Кенесарин, Жұманбек, Жұмабек Қыстаубаевтар, Апбас Қаламбаев, Бақыт Иржанов, Қилыбай Көсеубаев, Махмұт Ысқақов, Әбілдәбек Өтепбергенов, Ақылбек Нұрбеков, т.б. арыстарымыздың жәннәтта пейіштің нұры шалқығай.

Аты аталған тұлғаларға ғана емес, олармен бірге ұрпақсыз қалған саясат құрбандарына да арналып мұражайымызда жыл сайын құрбан бағыштап, ас беріп отыру дәстүрге айналған.

Іргеміздегі Тәшкент 1924 жылға дейін қазақтың рухани астанасы болғаны әмбеге аян. Осы қаладағы педагогикалық институтты алғаш ашып, ректоры болған Смағұл Сәдуақасұлы, қазақтың тұңғыш дипломаты Нәзір Төреқұлов, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышпаев, Халел Досмұхамедов, Санжар Асфендияров, Әбіл Ілияев, Тұрар мен Сұлтанбектердің қай-қайсысы да – Тәшкенттің абыройын асқақтатқан тұлғалар. Бәрі де Оңтүстік топырағын басып, халыққа қызмет еткендер.

Қайсар да табанды қазақ халқы қызыл империяның илеуіне көніп, айдауына бірден жүріп кетті десек қателесеміз. Қазақ даласында қызыл билікке қарсылық ретінде 372 көтеріліске 80000 адам қатысқан. 1929 жылы Маңғыстауда «Адай» көтерілісі бұрқ етсе, 1930 жылғы ақпанда қазақ

зиялыларының адал малын тартып алып, өздерін итжеккенге айдауға, қолдан жасалынған ашаршылыққа, күштеп ұжымдастыруға наразылық білдірген «Созақ көтерілісі», оның соңын ала «Сарысу», «Сайрам» көтерілістері – момын халықты тұяқ серіппей кетті деуге келмейтіндіктің айғақтары.

Қазақстанның өзге өңірлерінде қуғын-сүргін құрбандарына арнайы мұражай ашылмағандықтан, «нар жолында жүк қалмас» дегендей, біз басқа облыстардың да саяси құрбандары туралы мәліметтер жинаумен айналыстық. Мұражайдан Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Ақмола, Алматы, Қызылорда, Талдықорған, сондай-ақ Өзбекстан, Қырғызстандағы қуғын-сүргін құрбандары туралы құжаттармен таныса аласыздар. Бұл іздену алдағы кезде Түркия мен Ресей өңіріне де жол бастамақ.

Иә, қаралы тізім жалғасуда. 1998 жылы «Азалы» кітап жарық көрді. Сол жылы Шымкенттің жанындағы Албастысай аталып кеткен жерде (Қайтпас мөлтек ауданы) «Қасірет» мемориалы бой көтерді.

Мұражай қызметкерлері қуғынға ұшыраған азаматтардың құжаттарын ел-елден, жер-жерден жинаумен қатар, тарихи жерлер атауының мазмұнына да үнілуде. «Қасірет» мемориалының орыны қалай таңдалды? Неліктен «Албастысай» аталған? «Қайтпас» атауы қайдан шықты? Осы сауалдарға тереңірек түсінік беру мақсатымен мұражай қызметкерлері бірқатар зерттеумен айналысты. Бүгінде оны білетін қуғын-сүргін құрбандары өмірде жоқ. Кейбірінен қалған ұрпақтарымен қарым-қатынас жолға қойылған. Солармен, көне көз қариялармен жүздестік, сөздерін бейнетаспаға түсірдік.

Зерттеу барысында сол кезде қаланың шеті саналатын Албастысайда атылғандардың орны қазіргі «Қасірет» мемориалынан 1-1,5 шақырым жерде болғаны анықталды. Мәйіттер тасталған шеген құдық пен үңгірлердің орны суретке түсіріліп, бейнетаспаға жазылды.

Сол кезеңде қозы бағып, тай қуған балалар – бүгінде ел ағасына айналған көне көз қариялар: Түкібаев Шақабай, Татыбаев Сиқымбай, марқұм Бекжігітов Асқарбек: «Ел басына нәубет тиген жылдары біз бала едік. Ауылымыздағы қырдың аржағынан кешке қарай, түнде атылған мылтықтардың дауысы естілетін. Құлағымызға ыңырсыған, жылаған, айқайлаған үндер келетін. Әке-шешеміз бізге есіттірмеуге тырысатын және ол жаққа аяқ баспауымызды талап ететін. Аш иттер кейде ауылға адамның аяғын, қолын тістеп әкелетін. Бір күні қозы бағып жүргенде балалық әуестігіміз ұстап Албастысайға бардық. Биік жарды үңгірлеп қазып, өлген адамдарды төсек жинағандай бірінің үстіне бірін қалап-жинап қойыпты. Бетін жаппағанына қарағанда, қатары әлі де көбейеді деп жоспарланса керек. Кейбірі атқан жерінде сілейіп жатыр. Көбісін атқан бойда құдыққа тастапты. Құдықта су орнына қан шүпілдеп тұр. Шамасы, белгілі бір бай тұрған-ау, екі-

үш үйдің аумағындай алаңқайда дүние-мүлік тіреліп тұр. «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» деген емес пе, ешкім тимеген. Бірақ елді аштық жайлап, жоқтық қыспаққа алған кезде иманнан безген біреулердің сонда барып, иесіз қалған жерден атылғандардың бүтін киімін, кейбір мүлкін алып келе жатқанын жұрт көрген. «Қайдан келе жатырсыңдар?» деген сұраққа «Сельмагтан» деп жауап берген. Ел әлгілерге қарғыс жаудырған. Кейін сол сұғанақ қолдылардан ұрпақ қалған жоқ», – деді.

«Қайтпас» аталған ауыл туралы екі пікір бар. Біріншісі: НКВД-нің жансыздары «халық жауы» деп ұстаған адамдарды Шымкенттің түрмесіне қамап, соңынан арбаға салып немесе жаяу айдап, сол жаққа беттегеннен-ақ, жұрт: «Е, енді бұлар қайтпасқа кетіп барады», – дейді екен. Ал большевикшілердің таратқан пікіріне сүйенсек: Кеңес өкіметі орнаған жылдары сол жерде қоныстанып отырған бес-алты үй «жұмыс дегенде қайтпай істейді екен». Содан «Қайтпас» деп аталған дейді.

Ал Албастысай аталуы – ымырт басталғаннан төбенің ар жағынан күңіренген, жылаған, айқай-шу естіліп жататындықтан үрке қараған жұрт ол жерді «Албастысай» атап кеткен. Бұл жөнінде белгілі журналшы, әуесқой күйші Оразхан Жарқынбековтың «Албастысай» аталатын күйі де бар.

Бүгінде Республика деңгейінде «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша көптеген игілікті іс қолға алынды. Біз мұражайымызды тарихи мұра санатына жатқызамыз. Жалықпай ізденудің нәтижесінде бүгінге дейін 13492 тарихи құжат жинақталды, 90 мыңнан астам адам Алаштың қайраткер ұл-қыздарының өмірдеректерімен және олар туралы түсірілген деректі фильмдермен танысты.

Жас ұрпақтың отансүйгіштігі мен елжандылық сезімдерін қалыптастыру мақсатында біраз жұмыс атқарылды. Атап айтқанда Қазақстанның қоғам қайраткерлері: А. Байтұрсынов, Т. Рысқұлов, С. Қожанов, С. Сейфуллин. І.Жансүгіров, Б. Майлин, М. Тынышпаев, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, С. Асфендияров, Қ. Жұбанов, Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша қуғын-сүргін құрбандары С. Айтхожин, Е. Алтынбеков, Д. Алтынбеков, И. Сатыбалдиевке арналған іс-шараларға олардың ұрпақтары, жастар, мекеме басшылары, жоғары оқу орындарының оқытушылары, қала тұрғындары, т.б. тартылды. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығына сәйкес, жыл сайын 31 мамырда «Жаппай қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне» байланысты ұйымдастырылатын облыстық ауқымдағы іс-шараға қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтарын, туған-туыстарын, жер аударылып келген халықтардың өкілдерін шақырып, митинг өткіземіз.

Музейге келушілер негізінен – мектеп оқушылары, студент жастар, қала жұртшылығы, қонақтар, еңбек және соғыс ардагерлері, туристер,

шетелдіктер, сондай-ақ зиялы қауым мен елшілер, дипломатиялық корпус өкілдері, іскер топтар.

Қоғамымызда әділеттілік жолында аянбай күрескен, тоталитарлық саясаттың жазықсыз құрбаны болған мемлекет және қоғам қайраткерлерін есте қалдыру мақсатында алдағы уақытта да құнды материалдар қорын байытумен қатар, егемен еліміздің жастары мен тұрғындарын аға ұрпақ әруағына бас иіп, тағзым етулеріне мұрындық бола береміз.

**Ханбибі Есенқарақызы, ақын, ОҚО саяси қуғын-сүргін құрбандары музейінің директоры**